Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар.</p> <p>Жүгіру: жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелебеу: бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабыргамен өрмелебеу және бір гимнастикалық қабыргадан екіншісіне ауысып өрмелебеу.</p> <p>Секіру: бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, он және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сзықтан секіру,</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату: допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу,</p> <p>Қимылды ойындар.</p> <p>Үнта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше үйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі.</p> <p>Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше үйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар үйымдастыруға деген белсенділігін колдау.</p> <p>Балалардың дербес қимыл белсенділігін үйымдастыруда, менгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.</p>

	<p>Сейлеуді дамыту</p> <p>Сейлеудін дыбыстық мәдениеті. Сейлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p> <p>Сөздік қор Балаларды бір-біріне көмек қолын созуга, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауга, бір-бірінің қуанышына ортактаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.</p> <p>Байланыстырыш сейлеу. Айналасындағылармен ездігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдау, сұраптарды дұрыс қоюға және қойылған сұраптарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстая, әдепті және сабырлы болу</p>
Сауат ашу негіздері	<ul style="list-style-type: none"> - сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау; - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуда үйрету; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; <p>Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденен, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нұктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сактап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінде жазуға мүмкіндік беру.</p>
Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуда үйрету; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, аспаптарымен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; <p>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқигаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың коршаган ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді,</p>

	<p>көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соны).</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сейлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырыш сейлеу.</p> <p>Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуда, тындалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге беліп сомдауга, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауга мүмкіндік беру.</p>
Математика негіздері	<p>Кеңістік бағдарлау.</p> <p>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, он жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан он жакқа, он жақтан сол жакқа, жоғарыдан төменге, алға, артқа</p> <p>Шама</p> <p>Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру</p>
Коршаған ортамен таныстыру	<p>Табиғатпен таныстыру</p> <p>Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.</p> <p>Жануарлар әлемі</p> <p>Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабагы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, коршаған ортанды көз, мұрын, тіл, құлак, тері көмегімен сезе білу.</p> <p>Коршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; ез өмірінің қауіпсіздігін сактау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындау, олардың сонынан ермеу).</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</p> <p>Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылышы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының</p>

	<p>құндылықтарына құрмет таныту.</p> <p>Мерекелік мерекелердің Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.</p>
Кұрастыру	<ul style="list-style-type: none"> - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру. <p>Қазақ халқының табиги материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.</p>
Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> - Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.
Мүсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> -біртекті заттардан сюжеттер құрастырады, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастырады; -ертеғілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құрады; -ортак композиция құру үшін ұжыммен мүсіндеу дағдыларын менгерген; -мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнайды
Жапсыру	<p>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртурлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын ұлғілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Қайши мен желімді дұрыс колдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сактау.</p>
Музыка	<p>Музыка тындау.</p> <p>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (эн, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, корытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сактауды жетілдіру.</p> <p>Эн айту.</p> <p>Эн айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда женіл дауыспен эн айту, эн айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және акырын дауыспен эн айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке эн айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауга баулу. Энді музыкалық талғаммен орындауга жаттықтыру.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қимылдар.</p>

Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ыргакты жүрумен; музыканың қымыл сипатын жеңіл және ыргакпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.

Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртурлі бағытта жүгіруді және секіруді менгеру.

Бекітемін:
№3 «Көркем»
бебекжай-бақшасының
менгерушісі: Ж.Абдикаримова
2022ж



ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Білім беру үйімі №3 «Көркем» б/балабақшасы

Топ «Балдәурен» мектепалды тобы

Балалардың жасы 5 – жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 2022-2023 оқу жылы сәуір айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар: қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: гимнастикалық қабырғадақолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). Арқаға арналған жаттығулар: қолдың көмегімен етпетінен жатып енбектеу (3 метр). Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p>Негізгі қимылдар: заттардың, кегельдердің арасымен, жіптерден аттап журу; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру; бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелу;</p>

он және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру түрған орнында айналып секіру;

допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу арақашықтығы 4–5 метр; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту;

сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.

Музыкалық-ырғактық қимылдар.

Тұзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.

Спорттық жаттығулар:

Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тұра жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.

Спорттық ойын элементтері:

Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.

Қимылды ойындар.

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

Дербес қимыл белсенділігі.

Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

	<p>Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді көңейту.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</p> <p>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сұлгімен сұртіну. Осы шараларды жүргізуіндегі және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</p> <p>Таңертенгі жаттығуды орындауга қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>
Казак тілі	<p>Тілдік дамытуши орта.</p> <p>Балалардың қоршаған ортага өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуда дағыландауды.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу</p>

	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға үйрету.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p> <p>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Балаларды бір-біріне көмекқолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуғе, бір-біріне қамқор болуға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <p>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту</p> <p>Байланыстырып сөйлеу:</p> <p>Сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.</p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p>
Көркем әдебиет	Сюжетті тандауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.
Саяат ашу негіздері	Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.

	Жазу парагында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Геометриялық фигурандардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу дағдыларын жетілдіру
Математика негіздері	<p>Жыны. Жынынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қымылсы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жындарды бөліктегебелу және оларды қайта біріктіру тәсілдерін менгерту</p> <p>Сан, санау. Тендік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылауды үйрету.</p> <p>Шама. Беттестіру, тұстастыру және жүппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыруды қалыптастыру</p> <p>Геометриялық фигуранлар. қағаз парагын тең және тең емес бөліктеге бөлу, бүтін менбөлікті салыстыруды дамыту</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Козғалыс бағыттарын танып қолдануын дамыту: сол жақтан он жаққа, он жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.</p> <p>Нұктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сзықтарды дәптердің тор көзінде сыйзуға үйрету.</p>
Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің түрлері «жауқазын», «жетігүл», «жүлдізгүл»

	<p>туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояуды пысықтау</p> <p>Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салуды үйрету</p>
Мүсіндеу	<p>Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын заттарды мүсіндеуді, халық шеберлерінің бүйімдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Біртекті заттардан сюжеттер құруды, біrnеше пішінді бір тұғырға орналастыруды, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білуді, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеуді үйрету</p>
Жапсыру	<p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей біrnеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялып ішіндегі заттарды қиуды үйрету.</p> <p>Сюжеттік композициялар жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды, жеке және топпен бірлесіп жасауды, онда міндеттерді келісіп атқаруды менгерту.</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру.</p> <p>Құрастырылған құрылышы мен құрылыштың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату дағдысын дамыту.</p> <p>Қағаздан құрастыру.</p> <p>Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен беzenдіру. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдауды дамыту.</p> <p>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</p> <p>Шығармашылық ойлауды және киялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту</p>

	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Ойынға қажетті құрылышты бірлесіп ойдан құрастыруга, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға мүмкіндік беру.</p>
Музыка	<p>Музыка тындау. Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «куй» жанрымен, күйші-композиторлар: Дина Нұрпейісованың, Дәuletкерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Ән айту. Әнді музыкалық талғаммен орындауга жаттықтыру.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауга үйрету</p> <p>Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін женіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Балаларға «Қаражорға» биін билету.</p> <p>Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шыгару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауга ынталандыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Музыкалық қоңырау, ксилофон, бубен және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>
Көршаган ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Еңбеккорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру дағдысын жетілдіру.</p>

Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.

Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын мандағы шағын ауданда еркінбағдарлай білу.
Көлік, байланыс қуралдары.

Ұялы телефон, смартфон, компьютер, галамтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сактауды пысықтау.

Еңбекке баулу.

Жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен күрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие.

Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубекіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу. Республикадағы қалалармен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.

Жол қозғалысы ережелері.

«Велосипедке арналған жол (электросамокат, гироскутер, сигвей)» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.

Табиғатпен таныстыру

Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату қабылеттерін қалыптастыру.

Өсімдіктер әлемі.

Тұған өлкениң өсімдіктері (агаштар, бұталар, ғұлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыруды жалғастыру.

Жануарлар әлемі.

Қоршаған органды кез, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білуін дамыту.

Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен есімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінебілуін дамыту.

Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.

Балаларды жалны қабылданған нормалар мен ережелерді саналытүрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылауды ұйымдастыру.

Коршаган ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды үйрету (бейтаныс адамдармен сейлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындау, олардың сонынан ермеу).

Бекітемін:
№3 «Көркем»
бөбекжай-бақшасының
менгерушісі: Ж.Абдикаримова
2022ж



ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Білім беру ұйымы №3 «Көркем» б/балабақшасы

Топ «Балдәурен» мектепалды тобы

Балалардың жасы 5 – жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 2022-2023 оқу жылы мамыр айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар: Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп түрып алға еңкею. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар: 3-5 метр қашықтықта екіқолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Арқаға арналған жаттығулар: қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Аяқта арналған жаттығулар: аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>қосалқы қадаммен жүру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; кедергілер арасынан еңбектеу; биіктіктенсекіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру; допты жоғары, жіптің ұстінен лақтыру жәнеекі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын</p>

алмастыру) қағып алу;
қолдарынан ұстап, жұптарымен айналып тепе-тәндікті сақтап жүру;
сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.

Музыкалық-ырғактық қимылдар.

Тұзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шенбер бойымен жүру.

Спорттық жаттығулар:

Велосипед, самокат тебу. Шенбер бойымен және тұра жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.

Спорттық ойын элементтері:

Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүрге жаттықтыру.

Қимылды ойындар.

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

Дербес қимыл белсенділігі.

Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына дегенқажеттілігін қалыптастыру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.

	<p>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мүқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сұлгімен сұртіну. Осы шараларды жүргізуінде және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</p> <p>Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-тұлік өндірудегі тұрмыстық кесібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенін көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құрыл таныстыру.</p> <p>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуга дағдыландыру.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырак, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмак, алаша, ши, бау, басқұр, аркан, жіп) сөздермен толықтыру.</p>

	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жікте, тәуелден, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сейлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сейлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Берілген мәтіннің басталуын және сонын ойдан құрастыруға баулу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сейлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдануды дамыту: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу</p> <p>Сөздік қор. Балаларды бір-біріне көмекқолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауга, тапсырманы орындауга, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Интонациясы бойынша сейлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айтуда, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелердің құрастыруды үйрету.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдануды пысықтау.</p>
Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті тандауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айтуда, жұмбак шешу, айтыс өнеріне баулу.

Сауат ашу негіздері	<p>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусактармен біркелкіжоғарыдан тәменге, солдан онға қимылдарды орындаپ, сзықтарды үзбей салу дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сзықтарды, нұктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сактап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын. Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біrine қатынасы негізінде салыстыруды үйрету, қалыптастыру</p> <p>Сан, санау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру</p> <p>Шама. заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алуды үйрету.</p> <p>Геометриялық фигуralар. 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыруды үйрету.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістіктегі орналасыруды пысықтау (солжақта, он жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттарын тану дағдысын дамыту: сол жақтан он жаққа, он жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтауды үйрету.</p> <p>Нұктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сзықтарды</p>

	дәптердің тор көзінде сыйзуға үйрету.
Сурет салу	Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнауды қалыптастыру. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлендердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.
Мүсіндеу	Композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.
Жапсыру	Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беруді, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеуді, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеуді, композиция ережелеріне сәйкес бейнелерді құрастыруды дамыту.
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру. Құрастырылған құрылышы мен құрылыштың шынайы бейнесі арасында байланыс орнатуды дамыту.</p> <p>Қағаздан құрастыру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырылған құрылышын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдануды жетілдіру.</p> <p>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыруәдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту</p>

	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Ойынға қажетті құрылышты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмыстыбірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылышпен ойнауға мүмкіндік беру.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің(шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындаі білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білуді үйрету.</p> <p>Ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғамменорындауға жаттықтыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету</p> <p>Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Балаларға «Қаражорға» биін билету.</p> <p>Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Музыкалық барабан, маракас, румба және шұлы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>
Коршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы,</p>

ересек азamat болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте окуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.

Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.

Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын миңдагы шағын ауданда еркінбағдарлай білу.

Көлік, байланыс құралдары.

Арнаіы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсінуді пысықтау

Еңбекке баулу.

Айналадағы заттар, ойыншықтарадамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарауды қалыптастыру.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие.

Өз Отанын жақсы көру, оны қорғауды, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаган қазақстандық жауынгерлердің - Кенес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Кошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеуді үйрету.

Мемлекеттік мерекелердің Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні маңыздылығын түсіну оларға белсенді қатысу.

Жол қозғалысы ережелері.

Жолда қауіпсіздік ережелерін сактау. Жол белгілерін білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту ережелерін орындаудын пысықтау.

Табиғатпен таныстыру

Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсінуін дамыту.

Өсімдіктер әлемі.

Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуды жетілдіру

Жануарлар әлемі.

Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды

ажыратуды үйрету: жануарлар қозғалады (жүреді, жұғреді, секіреді, ұшады, қозғалады); коректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктемен); өседі және көбейеді.

Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір белігі екенін және оны корғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінебілуін жетілдіру.

Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін көңейту. Нениң «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.

Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналытүрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.

Коршаган ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды ұғындыру (бейтаныс адамдармен сейлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындау, олардың соңынан ермеу).